

"Халлибуртон-Атырау Ойл энд Газ Сервисиз" бірлескен кәсіпорнының мұнай және газ скважиналарын геофизикалық зерттеу кезінде пайдаланылатын ионды сәулелегіштердің көздерін әкелуі мен әкетуі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 желтоқсандағы N 1304 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Халлибуртон-Атырау Ойл энд Газ Сервисиз" бірлескен кәсіпорнының мұнай және газ скважиналарын геофизикалық зерттеу кезінде ионды сәулелегіштердің көздерін пайдалану қажеттігіне байланысты, сондай-ақ Қазақстанның кен орындарында жүргізілетін бұрғылау жұмыстарын технологиялық қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Халлибуртон-Атырау Ойл энд Газ Сервисиз" бірлескен кәсіпорнына белгіленген тәртіп бойынша ионды сәулелегіштердің көздерін әкелу мен әкетуге лицензия беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Ядролық материалдардың экспорты мен импорты туралы ережеге сәйкес АҚШ-қа ионды сәулелегіштердің көздері мен радиоактивті қалдықтардың әкелінуі мен әкетілуіне бақылауды қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі